

Жанары - жұлдыз, бұрымы - құндыз асыл арулар!

Көгілдір көктемнің сәулесін себелете келген наурыздың мерейлі мерекесі – Халықаралық әйелдер күнімен шын ықыласпен құттықтаймыз!

Нәзіктік, сұлулық, мейірім мен сымбат жарасымының бір қасиетсіз кемшін соғатыны бар. Ол қасиет – ақыл. Сіздердің бойларыңызда ақыл да, білім де тұнып тұрғаны, сонысымен де ару деген асыл атақты асқақтата түсуі бәрімізді ерекше сезімге бөлеп, абыройымызды асырады.

Сіздер – қылықты қыз, келісті келіншек, жарасымды жар, асыл анасыздар, еліміздің ертеңі, үкілеген үмітін жетелеп жүрген алтын құрсақты жандарсыздар. Кәсіподақтағы еңбектеріңіз еселене берсін! Дендеріңіз сау, көңілдеріңіз шат, ғұмырларыңыз ұзақ, бақыттарыңыз баянды болғай! Төл мерекелеріңіз құтты болсын!

**Өздеріңізге деген өлшеусіз құрметпен
Оразбек Бекбас,
«Қазақстандық энергетиктердің
салалық кәсіподағы»
қоғамдық бірлестігінің төрағасы**

**Дорогие наши девушки!
Уважаемые коллеги!**

Сердечно поздравляем вас с истинно весенним, особенно любимым и ярким праздником - Международным Женским днем!

Не нами сказано, но признано: Женщина – это мерило красоты, идеал изящества и камертон гармонии. Благодаря вам в мире существуют Любовь, Счастье, Доброта, Мир, Лад и Благополучие. Нет без вас Веры! Безмерно благодарны вам за ваш труд на благородной ниве профсоюзного движения!

Желаем вам оставаться всегда такими же красивыми, желанными, умными и добрыми. Счастья вам и благополучия, долгих лет жизни и здоровья, всего наилучшего везде и всегда! С праздником!

**С огромным уважением и поклонением
Оразбек Бекбас,
Председатель Общественного объединения
«Казахстанский отраслевой
профсоюз энергетиков»**